

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттарына,
«АМАНАТ» және «Ақ Жол»
фракцияларының мүшелеріне**

*2022 жылғы 23 маусымдағы
№ ДС-206*

Құрметті депутаттар!

Республикалық маңызы бар «Атырау – РФ шекарасы (Астраханьға)» автомобиль жолын қайта жаңартуға қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Қазіргі уақытта мердігерлік ұйымдармен жұмысты орындау үшін 557 адам, 360 бірлік техника және жалпы өнімділігі сағатына 900 тонна б асфальтбетон зауыты жұмылдырылды.

Жоғарыда көрсетілген учаскеде жол-құрылыс жұмыстарын аяқтау және пайдалануға беру мерзімі 2023 жылдың соңына жоспарланған.

Жұмыс қарқынын жеделдету және сапаны тиісті бақылауды ұйымдастыру мақсатында жобада Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ өкілдерінің тұрақты қатысуы қамтамасыз етілді.

Жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау үшін индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен "ҚазАвтоЖол" ҰК " АҚ арнайы жол картасын әзірлеп, бекітті, онда жұмыс қарқынын күшейту, коммуникациялардың меншік иелерімен олардың инженерлік желілерін (мұнай құбырлары, газ құбырлары, су құбырлары, электр беру желілері және т. б.) көшіру мәселелерінде өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды арттыру жөніндегі іс-шараларды, жергілікті халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмысын арттыру жөніндегі іс-шаралар көзделеді.

Бұдан басқа, ай сайын Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ және жергілікті атқарушы органдардың басшылығымен

бірлесіп, депутаттардың қатысуымен құрылыс объектілерінде көшпелі кеңестер өткізеді.

Сондай-ақ, проблемалық мәселелерді талқылау және оларды жедел шешу мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі дөңгелек үстел басында халықпен, депутаттармен және журналистермен кездесулердің жаңа форматын ұсынды.

Тұтастай алғанда, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр